

Болмыс категориясы

Орындаған: Бимурзаева Аружан

Тобы: ПГС-14-1к

Мамандығы: 5В072900

Жалпы түсінік

Философия өз негізінде үш мәселені қамтиды. Олар: *Онтология* (өмір сүру, тұрмыстық жағдай), *Гносеология* (таным туралы ілім), *Логика* (ойлау жүйесі туралы ілім).

Онтология дегеніміз – болмыс туралы ілім. Бұл туралы түрлі пікірлер мен ойлар, анықтамалар бар. Болмыс - тарихи қалыптасқан терең мағыналы, кең ауқымды философиялық ұғым. Адамдар арасындағы қатынаста «болмыс» термині үш мағынада қолданылады. Болмыс, кең мағынасында, объективтік шындық. Болмыс - қоғам мен адамдар өміріндегі материалдық және рухани дүниенің қорытындысы. Болмыс - «өмір сүру» сөзінің синонимі. Жай күнделікті әңгімедегі «болу», терминіне сәйкес келеді.

Философияда «болмыс» терминіне ерекше мән беріліп, ол онтология категориясы болып қалыптасады. Бұл философияның адамның өмір сүруін қамтамасыз ететін нақты шындық туралы бөлімінде айтылады. Адам, индивид ретінде, жеке тіршілік иесі ретінде әрекеттенеді. Оған: тұратын жері немесе тұратын үй-жайы; рухани атмосфера, психологиялық күйі, ерекшелігі; істейтін ісі немесе жұмысы, қызметі, т.б. әсер етеді. Болу - өмір сүру. Адам өмірі бәріне де тәуелді: уақыт пен кеңістікке, материалдық өндіріске, генетикасы мен әлеуметтік ортасына, т. б.

БОЛМЫС

Болмыс – бүкіл әлемнің тұтастығын, дүние мен адамның бірлігін, тіршіліктің мәнін білдіретін философиялық категория. Қарапайым санада болмыстың баламалары ретінде әлем, ғарыш, дүние, табиғат, өмір тәрізді жалпы ұғымдар қолданылады. Болмыс философияның ерекше саласы.

Болмыс – жан-жақты терең, ауқымды ұғым, болмыс тек материя ғана емес, сонымен бірге идея, дін. Ол субстанция ұғымымен тығыз байланысты. Субстанция өзіндік мән, бастама. Ол өзінің өмір сүруі үшін өзінен басқа ешнәрсеге мұқтаж болмайды.

Субстанция (лат. негізінде не жатыр деген сөз). *Субстанция* – монизм мен дуализм плюрализм болып үшке бөлінеді. Қандай да пікір сөз, дау болмасын, өмірдің негізінде не жатыр деген сұрақ туындайды.

Монистік (бір негіз, біреу) бастама идеалистік, материалистік болады.

Монистік бастама идеалистік, яғни, дүниенің негізінде идея мен сана жатыр (Сократ, Платон, Аристотель Гегель). Монистік бастама материалистік, яғни оның негізінде материя жатыр (Фалес, Гераклит, Спиноза, Фейербах, Маркс, Энгельс, Ленин). Дүниенің негізінде сана мен материя қатар жатыр десек, онда бұл дуализм - Декарт, Кант и Юм

БОЛМЫС ҰҒЫМЫ

“Болмыс” ұғымы- қоршаған әлемді философиялық тұрғыдан танып білуде ең ежелгі, негізгі және ең маңызды категориялардың бірі. Болмыс түсінігінің арғы түбірінде “болу”, “бар болу” деген мағынаның жатқаның аңғартуға болады. Бұл түсінік адамның айнала қоршаған ортаны біртұтас (онда адам да, заттар, процесстер мен құбылыстар да өз орының табады) әлем есебінде танып-білуге ұмтылуынан туындаған. Болмыс туралы ой толғау- дүние “бүгін бар”, “осында бар”, “осылай бар” деген қарапайым түіндермен шектелмейді. Себебі дәл осы арада дүниенің “өткені мен ертеңі қандай”, “осында бар болса, басқа жерде де, барлық жерде бар емес пе?” деген сұрақтар заңды түрде туындайды. Бұл сұраққа бір ф-р-дүние өткінші емес, әрқашан болған, бола береді деп тұжырымдайды. Екіншілері- дүние бар және бола береді, бірақ кеңістікте де, уақытта да бастамасы мен ақыры бар деп көрсетуге тырысты.

Жоғарыдағыдай ой-толғамдар дүниенің өмір сүруінің тұрақтылығы мен өткіншілігі туралы пікірлердің өзара қарама-қайшы болуына әкелді:

1) *Парменид* (б.з.б.б-5, Элей мектебінің негізін қалаушы, дүниенің түпнегізі от және жер деп есептеді, ең бірінші болып болмыс пен сана арақатынасын талқылады, екеуін пара-пар деп түсінді, “Табиғат туралы”) болмыс пен бейболмысты қарсы қойды. Болмыс-бар болу, өмір сүру, одан басқа ештеңе жоқ. Ол біртұтас, тұрақты, қозғалмайды, шексіз, мәңгі. Ал, жоқ болу-болмыссыздық, ол нақты емес, иллюзиялы, сондықтан да оны айтып-түсінуге де, тануға да болмайды.

2) Парменидтің замандасы *Гераклід* (Эфес қаласының тұрғыны, стихиялық материалист, диалектиканың негізін қалаушы, бәрінің бастамасы от деді, оның бәре қажеттіліктен туады “дүниежүзілік логос” деп атады, “күресті” барлық қарама-қарсылықтардың атасы, “Табиғат туралы”-фрагменттер)-керісінше, болмыстың басты белгісі оның қозғалыста және үздіксіз дамуда болуы деді. “Бір өзенге екі рет кіруге болмайды”, “Бәрі де өзгереді, бәрі де ағады” деп үйретті. ірақ екеуіде, болмысты мән мен байланыстырады, оны заттардың басты өмір сүруі, нақты әлемнің бар болу жағдайы деп түсінді. Мұны, “заттық” онтология деп айтуға болады.

3) Платонда (б.з.б.427-347) болмыс дегеніміз- мәнділік өмір сүретін, өзгермейтін сана тектес рухани идеялар дүниесі. Идеялар- заттар мен құбылыстардың түп негізі, оларды өмірге келтіруші, олар мәңгі, объективті, материалды емес, кеңістік пен уақытқа тәуелсіз. Идеялар сезімдік тәжірибе арқылы танылмайды, тек ақыл-ой арқылы танылады. Әр сезімдік заттың мақсаты- идея, әр зат сол идеяның қалпы, моделі. Ал заттар өткінші, пайда болады, тозады, өледі, яғни шынайы болмыс емес, бар болғаны идеялар дүниесінің күнгүрт бейнесі.

4) Жаңа заман ф-да болмыс категориясың “субстанция” категориясымен теңістірген, болмыстың біртектілігін білдіретін, жойылмайтын, өзгермейтін субстрат, болмыстың негізі. Бір ф-да ол- материалды, екіншілерінде-идеалды, ал үшіншілерінде- материалды да, идеалды да. Мысалы, Д.Беркли (1685-1753, ағл. ф-фы, субъективті идеализм өкілі, Ирландияның бір қаласында епископ болған, дін ді дәйектеп, материализм ді терістеуге тырысты, тек рухани болмысты мойындап, универсалилердін реалды өмір сүреді деген және абстракциялық ұғымдар идеясына қарсы шықты) бәрінің негізі- рухани субстанция деді, рух- бәрі оған тәуелді, онда бәрі де өмір сүреді, қозғала алса қозғалады. Барлық табиғи құбылыстардың түп негізі. Ал, материя мүлдем жоқ, өйткені оны адам сезе алмайды.

Болмыс мәселесін әр түрлі талқылау, болмыс ұғымының кеңдігінен және абстрактілігінен туады. Шынында да болмыс категориясы адамның және оны қоршаған әлемнің ең маңызды қасиеттерін бейнелейді. Болмыс сөзінің әр түрлі мағынасын аңғартуға болады: а) болмыс- адамның санасынан тәуелсіз, тысқары өмір сүретін объективті, материалдық дүниені білдіреді; в) болмыс- бардың бәрін, өмір сүретіннің барлығын-материалдық дүниемен қоса рухани дүниені де қамтиды; с) болмыс- бар болуды, өмір сүруді айқындап белгілейтін, реалды дүниенің барлық түрлерін қамтитын кең ауқымды философиялық ұғым.

Оның негізгі белгілері: 1) мәңгі-әлем болды, бар және бола береді; ол өзі өзін қайта тудырып отырады; 2) шексіз- әлемнің шеті де, шегі де жоқ; 3) біртұтас- әлемнің біртұтастығы оның формаларының көп түрлігінде, бірақ олар жеке-жеке емес, өзара байланыста, белгілі бір бірлікте, тұтас дүние құрамында екендігінде; 4) дүниеде бәрі тең өмір сүреді- табиғат, қоғам, адам, ойлар, идеялар, олардың бәріне ортақ нәрсе-олардың “бар” екендігі, өмір сүріп отырғандығы, өмір сүру түрлері әр қилы болғаны мен олар бар болуы арқылы шексіз де тұрақты дүниенің тұтас бірлігін құрайды; 5) өзгермелігі- дүниеде бар болатының бәрі үнімі үздіксіз қозғалыста, өзгерісте болуы; 6) объективтілігі- айнала қоршаған әлем адам санасына тәуелсіз бола тұрып, бұл дүниенің өмір сүруінің іштей логикасы бар, ол адам санасында нақты бейнесін таба алады.

Заттар болмысы “бірінші табиғат”- барлық материалдық денелердің, табиғи процесстер мен күйлердің болуы. Мысалы: Жер планетасы, бүкіл Ғалам, теңіздер мен мұхиттар, ормандар мен таулар, флора мен фауна, қазба байлықтар т.б. Олардың бәрі адамнан тыс, оған тәуелсіз өмір сүреді. Бұл табиғат объективті реалдық, адам мен оның санасына алғанда бірінші, өйткені адамның өзі табиғаттың бір бөлігі, және табиғатсыз оның өмір сүруі мүмкін емес.

Заттар болмысы “екінші табиғат”, адамның іс-әрекеттері мен тығыз байланысты. Бұл табиғатқа адам қолымен жасаған және материалданғанның бәрі жатады. Мысалы: еңбек құралдары, ғимараттар мен құрылыстар, кемелер мен ұшқыштар, автомобиль және темір жолдары, телефон және компьютер жүйелері, ақпарат құралдары, өнер тұындылары т.б. олар да объективті, адам жасаса да олар адам санасына тәуелсіз, одан тыс өмір сүреді. Тек адамның өмір сүру барысын айқындай, өз заңдылықтары бойынша өмір сүреді. “Екінші табиғат” заттар болмысы олар жасалған табиғат материалдарына, “затталған” ойдың және “затталған” адамның істерінің синтезі болып табылады. Және олардың болмысы оларды жасаған мақсатына байланысты болады: еңбек құралдары, эстетикалық ләззат алуға арналған заттар т.б. Оларды, объективті реалдықтың табиғи-рухани-элеуметтік түрі деп атауға болады.

Табиғат және әлеуметтік жан ретінде адам болмысы адамның заттар әлемінде өмір сүруін білдіреді. Адамның өзі, денесі бар жан ретінде зат болып табылады. Бірақ бұл ерекше зат, ойлай алатың, “пікірін айта алатың” (Кант). Оның екі қырлығы оның болмысың айқындайды. Адам – бұл шынында да “ойлай алатың” зат, өзін адам ретінде сезіп түсіне алатың, өзін қоршаған дүниеден ажырата алатың, өз істеріне баға беріп рны өзгерте алатың, өзінін денесі мен рухын дамыта алатың жан.

Әлеуметтік болмыс- бұл адамдардың бірлескен болмысы, біркелкі, дамып отыратың жүйелерді құратың олардың арасындағы алуан түрлі қатынастар, ең маңыздысы экономикалық. Ал бұл жүйенін бөлімшесі ретінде білім беру саласын атауға болады, бұл процесс негізінде адам тұлға ретінде қалыптасып, әлеуметтенеді.

Рухани болмыс (саналы, санасыз феномендер, олардың нәтижелері идеялар, принциптер, нормалар мен ережелер, білімдер т.б.):

Индивидуалды рухани болмыс- жеке адамның рухани әлемі: психикасы, жүріс-тұрысы, өмір денгейі, мамандық әрекеттері, білім денгейі т.

б. **Объективтендірілген немесе интерсубъективті рухани болмыс**- қоғамның рухани тәжірибснін қамтитың қоғамдық сана, құлықтылық және эстетикалық құндылықтар. Соңғы кезендерде адам әрекеттеріне байланысты “виртуалды реалдық”, виртуалды болмыс” деген категориялар қолданылады. Бұл термин-компьютер арқылы жасалған нақтылықтың моделін айтады. Сонда бұл жасанды, иллюзорлы елестету болып табылады. Оның белгілері: жасанды болуы, актуалдылығы, автономдығы, интерактивтілігі. Объективті реалдыққа қарағанда екінші, сондықтан да субъективті реалдық және уақыт кері қайтылады.

Жалпы айтқанда болмыстың түрлері материалды да, рухани да бола алады.